

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша «Ұлан ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі

№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен арақашықтығы км, жер учаскесінің лот №)	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі оның ішінде		Өңірдің ауыл шаруашылығы на мамандануы	Жалпы ауданы, га Жалға беру мерзімі, жыл	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзгеде
		Шаруа немесе фермер қожалығы жүргізу үшін	А/шаруашылығы өндіріс			Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа алқаптар			
1	05-079-020 есеп кварталы Жантас ауылынан 9,8 км солтүстік-шығысқа қарай	Шаруа қожалығын жүргізу үшін		Өсімдік және мал шаруашылығы	4,85 10 жыл	4,80	-	-	0,05	қара-қоңыр топырақ, б/б 64	жоқ	Конкурс
2	05-079-017 есеп кварталы Борсақ ауылынан 6,0 км солтүстікке қарай	Шаруа қожалығын жүргізу үшін		Өсімдік және мал шаруашылығы	130,6129 10 жыл	66,9714	63,6415	-	-	қара-қоңыр топырақ, б/б 34	жоқ	Конкурс
3	05-079-017 есеп кварталы Ұлан ауылынан 2,3 км оңтүстікке қарай	Шаруа қожалығын жүргізу үшін		Өсімдік және мал шаруашылығы	4,6023 10 жыл	4,5223	-	-	0,08	қара-қоңыр топырақ, б/б 22	жоқ	Конкурс
4	05-079-017 есеп кварталы Ұлан ауылынан 1,7 км оңтүстікке қарай	Шаруа қожалығын жүргізу үшін		Өсімдік және мал шаруашылығы	2,73 10 жыл	2,73	-	-	-	қара-қоңыр топырақ, б/б 17	жоқ	Конкурс

ЕСКЕРТПЕ

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

- 2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң **2026 жылдың «23» ақпаннан бастап 2026 жылдың «06» наурыз** аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, « Ұлан ауданының жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 872338(77-168) алуға болады.